

«Бекітемін»  
Шымкент қаласы ДСБ  
ШЖК «Жоғары медицина  
колледжі» МКК директоры  
Г.М.Абишев



2023 жыл

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ШЖК «ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІ» МКК-НІҢ СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ**

## 1. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ЕНГІЗУДІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығы және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды алдын алуға және жолын кесуге бағытталған Шымкент қаласы Денсаулық сақтау-басқармасының «Жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – Колледж) нормативтік құжаты болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сыбайлас-саясаты жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, қоғамның Колледж қызметіне деген сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шараларға бағытталған.

Колледжде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің негізгі мақсаттары:

- \* Колледж қызметінде сыбайлас жемқорлықтың тәуекелін барынша азайту;
- \* Колледж қызметкерлерінің атқаратын лауазымына қарамастан саясатты біркелкі түсінуді қалыптастыру, кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықтан бас тарту;
- \* Колледжде қолданылатын Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының негізгі талаптарын түсіндіру

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Колледжде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің мынадай міндеттері белгіленеді:

- \* Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі қағидаттарын бекіту;
- \* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қолданылуы және оның қолдануға жататын адамдар тобын айқындау;
- \* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты Колледж лауазымды тұлғаларын анықтау;
- \* Колледж іске асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың, стандарттар мен құжаттамалар тізбесін және оларды орындау тәртібін белгілеу;

\* Колледж қызметкерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамай, бұзғаны үшін жауапкершілігін арттыру.

## **2. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ**

2.1 колледждегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормалары мен қағидаларына сәйкес: іске асырылып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және колледжге қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерімен жүргізіледі.

2) Колледж басшылығының жеке үлгісі принципі: колледж басшылығы өзінің мінез-құлқымен үлгі көрсете отырып, барлық деңгейлердегі сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне этикалық стандартын қалыптастыруы тиіс.

3) Колледж қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларына тарту қағидаты: лауазымына қарамастан қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуы.

4) Нөлдік толеранттылық қағидаты: колледжге кез келген нысанда және көріністегі сыбайлас жемқорлықтан бас тарту.

5) Тәуекелдерді мерзімді бағалау қағидаты: жалпы Колледж қызметіне және оның жекелеген бөлімшелеріне тән сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау кезеңдік негізде жүзеге асырылады.

6) Ашықтық қағидаты: Оқытушылар мен білімалушыларды Колледжде өткізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы хабардар ету.

7) Жауапкершілік пен жазандан бұлтартпаушылық қағидаты: атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, өзге де жағдайларға қарамастан Колледж қызметкерлері үшін жазаның бұлтартпаушылығы; сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың орын алуына жол бергені үшін басшылықтың жауапкершілігі.

## **3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ЖАУАПТЫ**

3.1 Колледжге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған барлық іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты адам директордың бұйрығымен тағайындалады:

3.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты адамның негізгі міндеттері:

- \* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар дайындау;
- \* Сыбайлас жемқорлықтың туындау қаупін тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған ұсыныстар дайындау;
- \* Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды іске асыруға бағытталған нормативтік актілердің жобаларын әзірлеу және бекітуге ұсыну;
- \* Колледж қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтауға бағытталған іс-шаралар өткізу;
- \* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізуді ұйымдастыру;
- \* Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру;
- \* Бақылау-қадағалау және құқық қорғау органдарының уәкілетті өкілдерінің сыбайлас жемқорлықты алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Колледж қызметіне инспекциялық тексерулер жүргізу кезінде жәрдем көрсету;
- \* Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;
- \* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты ұйымдастыруға қатысу;
- \* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс нәтижелеріне бағалау жүргізу және тиісті есепті материалдарды дайындау.

#### **4. КОЛЛЕДЖ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕРІ**

Колледждегі лауазымы мен жұмыс өтіліне қарамастан барлық қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты:

- \* Осы саясаттың ережелерін басшылыққа алып, оның қағидаттары мен талаптарын мүлтіксіз сақтау;
- \* айналасындағылар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға итермелейтін жағдайлардан аулақ болу.

#### **5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР**

5.1. Колледж Саясатына қосымша ретінде жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіліп, оларды өткізу мерзімдері және жауапты орындаушы көрсетіледі.

5.2. Колледжге қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу мақсатында іскерлік қатынастар этикасын қозғайтын және

қызметкерлердің әдепті, адал мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған қызметкерлердің мінез-құлқының жалпы қағидалары белгіленеді.

Мұндай Жалпы ережелер мен мінез-құлық принциптері директормен бекітілген Колледж қызметкерлерінің этикасы мен қызметтік мінез-құлық кодексінде бекітілген.

5.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың элементтерінің бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау болып табылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты Колледж қызметіндегі нақты операцияларды айқындау болып табылады, оларды іске асыру кезінде Колледж қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы неғұрлым жоғары.

5.4. Колледжге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс қимыл мәселелері бойынша қызметкерлерді келесі тақырыптар бойынша оқыту жүргізілуі тиіс:

\* сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңды алдында жауапкершілік;

\* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама талаптарын, ішкі құжаттарымен және оларды қызметінде қолдану тәртібімен танысу;

\* Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

5.5. Жүзеге асырылатын ішкі бақылау колледжде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға ықпал етеді. Бұл ретте Колледж қызметінің нормативтік құқықтық актілер мен жергілікті нормативтік актілер талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету сияқты ішкі бақылау және аудит жүйесінің міндеттерін іске асыруға септігін тудырады.

5.6. Әріптестермен өзара іс-қимыл жасау кезінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар туралы, оның ішінде шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуы туралы белгілі бір ережелерді енгізуге болатындығы туралы хабарлайды. Колледж іскерлік қатынастарды адал және адал түрде жүргізетін, өз беделіне қамқорлық жасайтын, бизнесті жүргізу кезінде жоғары этикалық стандарттарға қолдау көрсететін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өз шараларын іске асыратын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұжымдық бастамаларға қатысатын серіктестермен іскерлік қатынастарды орнатуға және сақтауға ұмтылады.

5.7. Колледж Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды енгізу дәрежесі мен іске асыру бойынша қоғамды хабарландырады, оның ішінде Интернет желісіндегі ресми сайтта тиісті мәліметтерді орналастыру арқылы жұртшылықты хабардар етуді жүзеге асырады.

## **6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ТАЛАПТАРЫН САҚТАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК.**

*J*

6.1. Колледж және оның барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтауға тиіс.

6.2. Колледждің барлық қызметкерлері осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

6.3. Осы саясаттың талаптарын бұзғаны үшін кінәлі адамдар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Компенс - қызметкер Құрбанов Е.Б. f

f